

Shet shugýlasy



Shet aýdandyq qoǵamdyq-sarasi gazetini Gazet 1937 jyldan bastap shyǵady beisenbi, 24 saýir 2025 jyl №16 (11 161)

ЫРЫС АЛДЫ - ЫНТЫМАҚ, БЕРЕКЕ БАСЫ - БІРЛІКТЕ!



Құрметті аудан тұрғындары!

Сіздерді **Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен** шын жүректен құттықтаймыз!

Қазақстан халықтарының бірлігі мерекесі қоғамдағы қалыптасқан келісім мен елімізде тұратын түрлі ұлт өкілдерінің өзара түсіністігін толық бейнелейді. Еліміз халықтар бірлігі мен достығының мекені. Біздерді ортақ тарих пен бұрынғы өткен қиындықтар, жеңістер, Қазақстанның дархан даласына деген сүйіспеншілік, елімізде тұратын жүзден астам ұлттардың бір арнаға

тоғысқан арман-мақсаты мен бәріне ортақ үйге айналған қасиетті қазақ жері біріктіреді. Еліміздегі бейбітшілік пен келісім мемлекетіміздің дәйекті ұлт саясаты мен онда тұратын адамдардың кеменгерлігінің арқасы. Біздің халықтардың достығы мен өзара көмегі соғыс жылдарында майдан даласында және тылда сыналды, ол бейбіт еңбекте, сондай-ақ, тәуелсіздігіміздің шарықтай түсуінде үлкен рөл атқаруда.

М.МҰХТАРОВ,
аудан әкімі.

Еліміздің келешекті дамуына біздің көпұлтты ауданымыз да өз үлесін қосып келеді.

Ардақты ағайын!

Баршаңызды Қазақстан халқының бірлігі күнімен шынайы жүреппен, ақ пейілді тілекпен құттықтаймыз! Осынау бейбітшілік, достық пен келісім орныққан бірлік мерекесінде Сіздерге, құрметті жерлестер, бақыт пен байлық, амандық және саулық, ырыс-береке тілейміз!

С.СОЦИАЛ,
мәслихат төрағасы.

Қадірлі жерлестер!

Шет аудандық ардагерлер ұйымы Сіздерді **Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен** шын жүректен құттықтайды. Түрлі ұлттар мен ұлыстардың арасындағы бейбітшілік пен келісім мемлекетіміздің басты байлығы, оның саяси тұрақтылығы мен үздіксіз

дамуының кепілі болып табылады. Халықтардың бірлігі мен достығының қандай ұлы құндылық екенін және бұл жетістіктерді мұқият сақтап, оларды жаңа ұрпаққа қалай жеткізу керектігін уақыт та, біздің еліміздің тарихы да бірнеше мәрте дәлелдеп көрсеткен.

Құрметті жерлестер!

Сіздерге мықты денсаулық, бақыт, қуаныш, отбастарыңызға жылылық және амандық-саулық тілейміз.

Біздің Ортақ үйіміз - Қазақстан Республикасының игілігі үшін аянбай еңбек етіп, табыстарға жете беріңіздер.

Шет аудандық Ардагерлер кеңесі.

Жыр шашу

ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІГІМІЗ ЖАРАСҚАН

Кереметізде тұлпарымыз таң асқан,
Абыроймен беделіміз тау асқан.
Қазақ дейтін қасиетті елденбіз,
Татулық пен бірлігіміз жарасқан.

Абыроймен беделіміз көкке өрлей,
Жайнап келе жатқанымыз көктемдей.
Қас көрмейтін, дос көретін өзге ұлтты,
Бауырына құшақтайтын жат көрмей.

Қарыштаумен Қазақ елі нұрланған,
Ынтымақ пен бірлік гүлі бүр жарған.
Достығы мен татулығын пір тұтып,
Өзге елдер өнегелі үлгі алған.

Қазақия қарапайым ел деп ұқ,
Құтты қадам аттап басқан төрге нық.
Қазақстан, биіктей бер, өсе бер,
Тәуелсіздік бесігінде тербеліп!

